

Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің геология, жер қойнауын қорғау және пайдалану комитеті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 17 шілде N 1124. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.12.18. N 1785 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Геология, жер қойнауын қорғау және пайдалану комитеті туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Геология, жер қойнауын қорғау министрлігі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 шілдедегі N 763 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 28, 315-құжат);

"Қазақстан Республикасының Геология, жер қойнауын қорғау министрлігі қызметінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 шілдедегі N 567 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 27, 405-құжат);

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 17 шілдедегі
N 1124 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Геология, жер қойнауын қорғау және пайдалану комитеті (Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитеті) туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Геология, жер қойнауын қорғау және пайдалану комитеті (бұдан әрі - Комитет) жер қойнауын геологиялық зерделеу, қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару органы болып табылады. Комитет арнайы, атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіру мен салалық мемлекеттік басқаруды дербес жүзеге асырады. Комитеттің өз құзыретінің шегінде қабылдаған шешімдері барлық органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтардың атқаруы үшін міндетті.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа а л а д ы .

3. Комитетті ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігін ұстауға көзделген қаржы есебінен жүзеге асырылады.

4. Комитет заңды тұлға болып табылады, оның банкте шоттары, фирмалық бланкісі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

5. Комитеттің өз қызметінің аясында негізгі міндеттерді мыналар болып т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының жер қойнауын геологиялық зерделеу, қорғау және пайдалану қатынастарын мемлекеттік реттеу;

жер қойнауының минералды ресурстарды геологиялық зерделеудің, ұтымды және кешенді пайдаланудың, жер қойнауын қорғаудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарын әзірлеу және іске асыру;

ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және оларды іске асырудағы бақылау функцияларын қоса алғанда, мемлекет мұқтажы үшін геологиялық зерттеулерді жүргізуге мемлекеттік тапсырысшы функцияларын асыру;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жер қойнауын бағалау және (немесе) пайдалы қазбаларды өндіруге, жер қойнауын басқа мақсаттарға пайдалануға беру (лицензиялау) жөніндегі уәкілетті органының функцияларын жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оның құзыретіне жатқызылған қызмет түрлеріне лицензиар функциясын

а т қ а р у ;

барлық жер қойнауын пайдаланушылармен пайдалы қазбаларды барлауға келісімдер жүргізу келісім-шарт (шарттар) дайындау және жасау;

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай а қ п а р а т т ы қ ж ү й е с і н құру ;

жер қойнауының және геологиялық ақпараттың бірыңғай мемлекеттік қорын қалыптастыру, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарын тіркеу ж ә н е с а қ т а у ;

жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару және жер қойнауын қорғау;

кондицияларды белгілеу және пайдалы қазбалар қорын бекіту, жер қойнауының және жер қойнауын пайдаланушылардың мониторингі;

Қазақстан Республикасының мүддесін және оның табиғи ресурстарын қорғау мақсатында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу жыл сайын Үкімет бекітетін Қазақстан Республикасында пайдалы қазбалардың көп таралғандарын қоспағанда, барлық түрлеріне, жер қойнауын геологиялық зерттеу мен игерудің инвестициялық бағдарламаларының негізінде ретке келтіру;

пайдалы қазбалар кен орындарын алғашқы ашулармен байланысты мә с е л е л е р д і қ а р а с т ы р у ;

пайдалы қазбалардың барлық түрлерінің жағдайларына бірыңғай мемлекеттік бақылау жөніндегі саясатты жүзеге асыру.

6. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге, жер қойнауының және жер қойнауын пайдаланушылардың мониторингіне, жер қойнауын қорғауға және Үкімет белгілейтін басқа мақсаттарды жүзеге асыруға қажетті мемлекеттік бюджеттік қаржының көлемін негіздейді;

Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің департаменттерінің ұсыныстары бойынша пайдалы қазбаларды барлауға және/немесе игеруге конкурс жариялау жөніндегі ұсыныстарды Министрдің бекітуіне дайындайды ж ә н е о л а р д ы ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

жер қойнауын пайдалануды лицензиялау мәселелері жөніндегі, жер қойнауын пайдаланушылармен барлауға келісім-шарттарды жасау және атқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретті органының функциясын атқарады;

Жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарын және Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілдікке беру жөніндегі шарттарды тіркеу және сақтау жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің уәкілетті органы болып табылады;

жер қойнауының ұтымды пайдаланылуына және оны қорғауға бақылау жасау ш а р а л а р ы н і с к е а с ы р а д ы ;

жер қойнауының және жер қойнауын пайдаланушылардың мониторингін

жүргізеді және материалдық-шикізат кешеніндегі инвестициялық қызметке
т а л д а у ж а с а й д ы ;

Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің басқа департаменттерімен,
сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдарымен өзара
бірлескен әрекеттерді жүзеге асырады;

салалардың жұмыс істеуі және дамуы бойынша ғылыми зерттеулер мен
әзірлемелерді жүргізуді, инвестициялық жобаларды, оның ішінде басқа
ведомстволармен, консультациялық фирмалармен жасалған жобаларды
сараптауды, сондай-ақ статистика жөніндегі ақпаратты, зерттеулерді жинақтауды
, өңдеуді және пайдалануды ұйымдастырады;

өз құзыреті шегінде халықаралық ұйымдарда республика мүддесін білдіреді,
халықаралық келісім-шарттар мен келісімдердің жобаларын дайындауға
қ а т ы с а д ы ;

халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды
ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

белгіленген тәртіп бойынша шетелдік несиелер мен инвестицияларды тарту
және пайдалану жөніндегі ұсыныстар енгізеді;

өз қызметі шегінде заңдарды қолдану тәжірибесін талдайды және қорытады,
оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, заң және өзге нормативтік
актілердің жобаларын дайындауға қатысады, оларды Қазақстан Республикасы
Үкіметінің қ а р а у ы н а ұ с ы н а д ы ;

Қазақстан нарығында қазақстандық материал, жабдықтар шығарушылардың,
қызмет көрсетушілердің мүдделерін қорғау тетігін әзірлейді;

еңбек ұжымдары мен кәсіпорын иелерінің арасындағы
әлеуметтік-экономикалық әріптестікті ұйымдастыруға қатысады;

"Қазмемжерқойнауы" минералдық ресурстар бас басқармасына (МРББ),
Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияға (ПҚМК) және жер
қойнауын қорғаудың және пайдаланудың аумақтық басқармаларына Комитеттің
өкілеттігі шегінде олардың орындауы үшін міндетті тапсырмалар береді;

заңдарда Комитетке жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

7. Комитеттің мыналарға:

жер қойнауын геологиялық зерделеу, пайдалану және қорғау ережелерінің
бұзылуын жоюға белгіленген тәртіп бойынша шаралар қабылдауға;

заңдарда белгіленген тәртіп бойынша жер қойнауын пайдалану
операцияларын жүргізуді тоқтатуға, уақытша тоқтатуға немесе шектеуге;

каражатты республикалық бюджетке аударып геологиялық ақпаратты
с а т у ғ а ;

өз құзыреті шегінде және ведомстволық бағыныстылығы мен меншік
нысанына қарамастан, барлық ұйымдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар,

нұсқамалар, әдістемелік нұсқаулар және нормативтік-құқықтық актілер шығаруға, олардың орындалуын тексеруге. Қажет болған жағдайларда басқа министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп актілер шығаруға;

жергілікті атқарушы органдардан, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан ұйымдардан, лауазымды адамдардан және азаматтардан жер қойнауын пайдалануға қатысты құжаттарды, тұжырымдамаларды, анықтамалық және барлық қажетті материалдар мен ақпаратты талап етуге және алуға;

белгіленген тәртіппен өзіне берілген өкілеттіктерге сәйкес мемлекет меншігіндегі мүлікке иелік етуді, оны пайдалануды және басқаруды жүзеге асыруға ;

өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының және басқа елдердің ұйымдарымен келіссөздер жүргізуге және келісімдер жасауға;

жер қойнауын пайдалану объектілерін конкурсқа дайындауға, бұл конкурстарды белгіленген мерзімде олардың жеңімпаздарын анықтай отырып, өткізуге ;

пайдалы қазбалардың барлық түрлерін барлау жөніндегі келісім-шарттарға қол қоюға ;

бағынысты ұйымдардың қызметіне жалпы басқарушылықты жасауға; мемлекеттік ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыруға ;

заңдарда көзделген басқа өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

8. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен бағынысты ұйымдардың (1-қосымша) мемлекеттік меншігіне иелік ету, пайдалану және басқару құқығын жүзеге асырады .

9. Комитетті Энергетика және табиғи ресурстар министрінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады. Төрағаның Комитет Төрағасының ұсынуымен Энергетика және табиғи ресурстар министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын бір орынбасары болады.

10. Комитеттің құрылымы мен штат кестесін, сондай-ақ лауазымдар бойынша орын басушылық тәртібін Министр бекітеді.

11. Комитет Төрағасы Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын атқаруына жеке жауап береді.

12. Төраға Комитеттің қызметін оған жүктелген міндеттерге сәйкес ұйымдастырады :

өз орынбасарының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері жетекшіліктерінің міндеттері мен жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

Комитеттің мүддесін барлық мемлекеттік органдарда білдіреді,

келісім жасайды, банктерде есеп айырысу және басқа да шоттар ашады.

Комитеттің құрылымдық бөлімшелері және оның аумақтық органдары жөніндегі ережелерді бекітеді;

өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

бекітілген смета шегінде ынталандыру сипатындағы үстеме ақылардың, қосымша ақылардың, сыйлық ақылардың және басқа да төлемдердің мөлшерін дербес белгілейді;

Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; өз құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

13. Комитетті қайта ұйымдастыру мен тарату белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

1-Қосымша

Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи
ресурстар министрлігінің Геология, жер қойнауын
қорғау және пайдалану комитетінің қарамағындағы
ұйымдар мен мекемелердің
ТІЗБЕСІ

Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия (ПҚМК)
"Қазмемжерқойнауы" минералдық ресурстар бас басқармасы
Жер қойнауын қорғау мен пайдалану жөніндегі аумақтық басқармалар
Қазақстан Республикасының Минералдық-шикізат кешенінің
ақпараттық-презентациялық орталығы
Мамандандырылған гравиметриялық кәсіпорын